

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 қараша N 1663. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.20. N 205 қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңының 25-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 3 қарашадағы
N 1663 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың
ерекше тәртібі туралы
нұсқаулық

1. Осы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және мемлекеттік құпиялар, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс қабілеті мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетінің кепілін қамтамасыз ету және құпиялық режимді сақтау мақсатында әзірленді.

2. Осы Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Мемлекеттік құпиялар туралы" және "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Заңдарында көзделген ұғымдар қолданылады.

3. Жүзеге асыру барысында мемлекеттік құпияларды қорғау қажет болатын әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру және басқа қызметтер салаларындағы тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жабық конкурс тәсілімен жүзеге асырылады.

Бұл ретте, конкурсқа қатысу құқығына тек мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді пайдалану арқылы жүргізілетін жұмыстарға Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті немесе оның органдары белгіленген тәртіппен беретін рұқсаты бар, ықтимал өнім берушілер ғана ие б о л а д ы .

Конкурс өткізілетіні туралы хабарлама жіберілетін ықтимал өнім берушілердің тізімін конкурсты ұйымдастырушының басшысы бекітеді.

Егер, барлығы бір ықтимал өнім берушінің мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді пайдалану арқылы жүргізілетін жұмыстарға рұқсаты болған жағдайда, мемлекеттік сатып алу заңнамада белгіленген тәртіппен бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылады.

4. Қару-жарақты, әскери техниканы және қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған өнімдерді, бактериялық немесе медициналық қорғау құралдарын, қару-жарақ пен әскери техниканы және олардың үлгілерін жасау немесе жаңғырту жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды, қару-жарақты, әскери техниканы, оқ-дәрілер мен бактериялық немесе медициналық қорғау құралдарын өндіру, жеткізу, жөндеу, қайта ұқсату мен жою жөніндегі қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жабық конкурс тәсілімен жүзеге асырылады.

Бұл ретте, конкурсқа қатысу құқығына тек мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді пайдалану арқылы жүргізілетін жұмыстарға Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті немесе оның органдары белгіленген тәртіппен беретін рұқсаты бар, ықтимал өнім берушілер ғана ие б о л а д ы .

Конкурс өткізілетіні туралы хабарлама жіберілетін ықтимал өнім берушілердің тізімін конкурсты ұйымдастырушының басшысы бекітеді.

Егер, барлығы бір ықтимал өнім берушінің мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді пайдалану арқылы жүргізілетін жұмыстарға рұқсаты болған жағдайда, мемлекеттік сатып алу заңнамада белгіленген тәртіппен бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылады.

Осы тармаққа сәйкес сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) номенклатурасын, санын (көлемін) және тапсырысшылардың тізбесін ұзақ мерзімге көзделген көрсеткіштер мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары ескеріле отырып жасалған тапсырысшылардың тапсырысы бойынша, қайта қаруландыру және әскери техниканы дамыту бағдарламасының негізінде, осы мақсаттарға белгіленген шығыстарының шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын бекітеді.

5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерінің және әскери

құрамаларының, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, сыртқы барлау органдарының, әскери және салық полициялардың, Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің, салық және кеден қызметтерінің, төтенше жағдайлардың зардаптарын жою қызметтерінің шекара аймағында және қиын-қыстау алыс аудандарда орналасқан бөлімшелері тез бүлінетін аймақтық сипаттамадағы тауарларды мемлекеттік сатып алуды ықтимал өнім берушілерден баға ұсыныстарын сұрату арқылы жүзеге асырады.

Осы тармаққа сәйкес сатып алынатын тауарлардың номенклатурасын, санын (көлемін) тапсырысшылар (бөлімшелер) тиісті жоғарғы мемлекеттік органдармен келісе отырып бекітеді.

Тапсырысшы сатып алынатын тауарлардың (жазбаша) баға ұсыныстарын кем дегенде екі аффилиирлендірілмеген ықтимал өнім берушілерден жазбаша сұратып алады. Мұндай сұратып алу мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

сатып алынатын тауарлардың атауы мен көлемі;
тауарларды жеткізудің орны, мерзімі және шарттары;
баға ұсыныстарын табыс етудің орны мен мерзімі.

Әрбір ықтимал өнім беруші өзгертуге жатпайтын, бір ғана баға ұсынысын табыс етуге құқылы.

Тапсырысшы ең төмен баға ұсынысын табыс еткен ықтимал өнім берушіден тауарды сатып алады.

Баға ұсынысын барлығы бір ықтимал өнім беруші табыс еткен жағдайда, мемлекеттік сатып алу заңнамада белгіленген тәртіппен бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылады.

6. Ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төнген, ұлттық мүдделерге қол сұққан, соның ішінде мемлекетішілік, шекарааралық және глобалды сипаттамадағы экстремальді және төтенше жағдайларда мұндай қауіптер мен қол сұғушылықты бейтараптандыру, экстремальді және төтенше жағдайларды жою, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің күштері мен құралдарын әскери даярлыққа келтіру, ұлттық мүдделерге қол сұғуға байланысты зардаптарды оқшаулау және жою үшін мемлекеттік сатып алуды ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші күштер және басқа да мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырады.

7. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жекелеген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды жүргізу және тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәсілін таңдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдауы мүмкін. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.05. N 1091 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК